

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
САЛАСЫНДАҒЫ САПАНЫ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІ» РММ



РГУ «КОМИТЕТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ  
КАЧЕСТВА В СФЕРЕ НАУКИ И  
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И  
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,  
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік ел, 8  
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

3600-15-6022/15-05-12  
от 18.06.2026.

Сәрсен Аманжолов атындағы  
Шығыс Қазақстан университеті

2026 жылғы 18 мамырдағы  
№ 06-22-151 хатқа


Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің (бұдан әрі – Университет) «8D041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты («8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңес ашу туралы хатын қарап, төмендегіні хабарлайды.

Диссертациялық кеңестер құру туралы ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындарының құжаттарын қарау жөніндегі комиссия тарапынан Университеттің құжаттарына Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің<sup>1</sup> (бұдан әрі – Үлгі ереже) талаптарының сәйкестігіне сараптама жүргізіп, Университетте «8D041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты («8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңес ашу ұсынылды (Комитет төрағасының м.а. 2026 жылғы 17 маусымдағы № 471 бұйрығы).

Диссертациялық кеңес Үлгі ереженің 3-тармағына сәйкес 3 жылға құрылды (мерзімі 2029 жылғы 16 маусымға дейін).

Университеттің «8D041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты («8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты құрамына ұсынған 4 үміткердің де (Рахметулина Ж.Б., Абылайханова Т.А., Апышева А.А. және Сактаева А.А.) Үлгі ереженің 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес соңғы 5 жылдағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдары бар.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы



Сонымен қатар, диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесінің 3-уі осы Университеттің өкілі, ал 1-уі басқа ЖЖОКБҰ-ның өкілі, дегенмен, осы диссертациялық кеңесте қорғауларды ұйымдастырғанда Үлгі ереженің 5 және 8-тармақтарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелер қатарында ғылыми ұйымның немесе басқа мекеменің өкілі және шетел ғалымы болуы керек екенін мәлімдейміз.

Сондай-ақ, Үлгі ереженің 4-тармағының 5) тармақшасына сәйкес ұсынылған мәтінді пайдалануды анықтаудың (плагиат), оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйесінің болуын растайтын құжаттың қолданыс мерзімін назарға алуды және тиісті жұмыс атқаруды сұраймыз.

**Маңызды:** Университет тарапынан жоғарыдағы талаптарды ескермеген жағдайда докторанттардың диссертациялық жұмыстарының қорғауы туралы хабарламалар Комитет сайтына жарияланбайтынын ескертеміз.

Ерекше мәртебесі жоқ оқу орындарының диссертациялық кеңестер тізімі Комитет сайтының «Қызметі» бөлімінде орналастырылған.

**Төрағаның орынбасары**

**Ғ. Есенбаев**

Орын. Сатаева Ж. К.  
Тел.: 87172-74-22-47

